



15-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

## Либерализм мәселелері





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Либерализм мәселелері

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Джонатан Вулф либерализмнің моральмен ұштасатын күрделі проблемалар: эвтаназия немесе басқа адамды өлтіру, өзіне-өзі қол жұмсау сияқты тәртіпте және басқаларға зиян келтірмейтіндей жүзеге асырылуы мүмкін және жемқорлықпен немесе басқаларды араластыруды қажет етпеуі мүмкін мәселелердің шешілу жолдарын либерализм, марксизм, коммунитаризмнен іздейді.

## Еркіндік принципінің кейбір «айқын шектеулері»

Егер біз қоғамды Еркіндік принципіне сәйкес реттеуге әрекет жасаған жағдайда, өмір қалай болар еді? Біз айтып өткеніміздей, Милльдің өзі өзінің көзқарасының ең таңқаларлық салдарын мойындамайды. Өзінің қорытынды тарауында Милль Еркіндік принципінің кейбір «айқын шектеулерін» баяндайды. Еркіндікке қойылған шектеулердің бірі – қылмыстың алдын алу үшін негізделген. себепке қатысты.

Мәселен, Милль егер адамдардың ұды сатып алуының тек бір ғана себебі - адам өлтіру болса, онда қоғамның оны өндіру мен сатуға тыйым салуы толықтай орынды. Алайда, ұдың одан басқа да қасиеттері бар, сондықтан Милль химиктерден сатып алушының аты-жөнін, олардың қандай мақсатқа қолданатыны жөнінде сатылымның толықтай мәліметін тіркейтін тізімді жүргізуін талап етеді. Тиісінше, егер кейінірек біреудің уланғаны анықталған болса, онда полицияның қолында негізгі күдіктілердің тізімі болады. Қатаң айтқанда, кінәсіз ниетпен келген сатып алушы мұндай келісімді мәжбүрлегіш және жеке бас бостандығын бұзады деп шағымдана алады.

Алайда, Милльдің пікірінше, жүйенің артықшылықтары аясында бұл бұзушылық бос сөз болып қалады, сондықтан бұл Еркіндік принципінің жалпылығынан айқын ерекшеленеді.

Тағы бір ерекшелігі, маскүнемдік, әдетте, қылмыс болып табылмаса да, басқа адамдарға мас күйінде зорлық жасағаны үшін сотталған кез келген адамға, Милльге сәйкес, ішуге тыйым салынуы тиіс. Бұл жерде, зиян келтіру қаупі Милль үшін жеке тұлғаның ішімдікті қолдану құқығынан асып түседі.

Кейбір либералдар осындай жағдайларды, әсіресе соңғы жағдай адам еркіндігін шамадан тыс шектейді деп аландайтын болса да, Милльдің көзқарасына сай Зиян келтіру мүмкін жағдай болса, бұл шектеулер елеулі зиян келтірудің алдын алу үшін негізделген.

Тағы бір мысал, әлдеқайда маңызды мәселелерді көтереді: адамдардың өздеріне ғана тікелей зиян тигізуі мүмкін көптеген іс-әрекеттер бар, бірақ оларға заңды түрде тыйым салудың қажеті жоқ, алайда, егер олар көпшіліктің алдында жасалса, олар әдеп пен тәртіпті бұзушылық болып табылады және тиісінше басқаларға қарсы қылмыстар санатына кіріп, оларға әділ тыйым салынуы мүмкін. Осы тәріздес іс-әрекеттер тәртіпке қарсы қылмыстар болып табылады; олар біздің қарастырып отырған мәселелерімізге тікелей қатысы жоқ болғандықтан, оларға тоқтаудың қажеті жоқ. Көпшілікке жағымсыз жағдайлар өздігінен айыпталуға тиісті емес, бірақ қолдау да таппайтын іс-әрекеттер қалай болмақ?

Милльдің бұл шетін тақырыпқа қатысты жауабы өзінің әдеттегі қарапайым анықтылығымен ерекшеленбейді, дегенмен жалпы мәні анық. Кейбір әрекеттер, мысалы, күйеуі мен әйелі арасындағы балағат сөздер жеке тәртіпте орын алса, онда олар ешқандай моральдық Кодекс тұрғысынан айыпталмас еді, алайда, олар көпшілік алдында орын алса, онда ол адамдардың өте шектеулі сандарына ғана төзерлік болар еді.

Алайда, Милль бұл көзқарасты Еркіндік принципімен қалайша сәйкестендіруі мүмкін?

## «Қоғамдық әдепсіздік» қандай зиян тигізуі мүмкін?

Қалай дегенмен, Милль қарапайым теріс қылық зиян келтірмейді деп есептейді. Бұл жерде Милль мәселенің анық-қанығына жетпей, Еркіндік Принципіне деген өзінің әдеттегі ұстанымына қарағанда дәстүрлі моральге басымдық береді. Оның осындай саясат таңдауын сынайтындар кем де кем шығар. Алайда, оны басқа көзқарастарымен қалай сәйкестендіре алатынын көру қиын: шындығында, ол олай істеуге елеулі әрекет те жасамайды.

Осы тәрізді мысалдарды қарастыра бастағанда, біз Милльдің «бір ғана қарапайым принципін» ұстану біздің осы уақытқа дейін кездестірген және бәлкім, ешқашан кездестіргіміз келмейтін қоғамға алып келетінін түсінеміз. Либералды ұстанымдағы айқын сәйкессіздіктердің бірқатарын «Мораль және Қылмыстық Құқық» эссесінде Лорд судья Девлин Вольфенденнің 1957 жылғы баяндамасына жауап ретінде жақсы анықтады.

Онда ол екі жақты келісім бойынша ересектер арасындағы гомосексуалды актілерді декриминализациялауды ұсынады. Вольфенден баяндамасында да жезөкшелікті заңсыз деп жариялаудың қажеті жоқ деп айтылады. Бұл ұсыныстар еркіндік принципіне толық сәйкес көрінеді. Дегенмен де,



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Либерализм мәселелері

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Девлин атап өткендей, қазіргі қоғамның көптеген заңдарын еркіндік принципі тұрғысынан қорғау өте қиын. Кейбір мысалдар ретінде дуэльге, ағайындылар мен апа-қарындастар арасындағы инцест және этнаназияға қарсы заңдарды келтірсе болады.

Өз көзқарасын нақтылау үшін Девлин жезөкшелік мәселесіне назар аударады. Неліктен либералдар оның болуына жол береді? Бұның стандартты жауабы бұл заңның ісі емес: жезөкшелік тек жезөкше мен клиенттің ісі. Бірақ, одна кейін Девлин былай деп сұрақ қояды: Егер жезөкшелік ... заңның ісі болмаса, онда Заңның сутенерге және бордельдің басшысына қандай қатысы бар ...? Баяндамада қызметтің осы түрлерін қылмыстық әрекеттер ретінде анықтайтын заңдарды сақтау және оларды пайдалану санатына жатқызуды ұсынылады... Бірақ, әдетте, импресарио-актрисаны қолданғандай сутенер де жезөкшені солай пайдаланады. («Мораль және Қылмыстық құқық», 12.)

Девлиннің пікірінше, біз бұл мәселелерді, егер біз қоғам қылмыстық құқықта қолданылатын ортақ моральдық принциптерді ұстанатын болса ғана түсіне аламыз. Егер кімде кім бұл принциптерді бұзатын болса, онда ол бүкіл қоғамды қорлайды. деп қабылданады.

Әрине, Девлиннің заңы әрқашан дәстүрлі моральды қолдауы тиіс деген мәлімдемесін жоққа шығарса да, Милль, Девлиннің мысалдарына тап болған жағдайда, өзін ыңғайсыз сезінетініне күмәні жоқ. Бұл Милль сияқты либералдар этнаназияға немесе бордельдің басшысына қарсылық білдіру үшін негіз таба алмады дегенді білдірмейді. Егер мәселе, Милль ойлағандай маңызды болса, онда неліктен либералдар Еркіндік принципі дәстүрлі моральмен қақтығысқа түсуіне аландауы тиіс? Милльдің «бір ғана қарапайым принципке» деген жалған бейілдігі оның сенімдерінің қаншалықты күрделі екенін толық ашып көрсетпейді.

## Либерализмге қарсы марксистік көзқарастар

Марксисттік дәстүрден мүлде басқа сын туындайды. Бұл тақырыпқа қатысты Маркстің көзқарастары ол 26 жаста болған кезде 1844 жылы жарияланған «Еврей мәселесі туралы» атты алғашқы шығармаларында пайда болады. 1816 жылы Пруссияда христиандарға қарағанда еврейлердің құқықтарын әлдеқайда шектейтін заңдар қабылданды. Маркстің өзінің әкесі, Генрих, мысалы еврейлерге бір мезгілде заңгер және еврей болу мүмкіндігін жоққа шығарға еврейлерге қарсы заңдар шыққанан соң бір жылдан кейін христиан дініне өткен болатын. Рейндік парламент 1843 жылы еврейлерді босату үшін дауыс берді, бірақ патша ұсынылған заңға veto қойды. Сондықтан еврей мәселесі Пруссиядағы либералдар мен интеллектуалдар арасындағы қызу пікірталастардың нысаны болды.

«Еврей мәселесі» еврейлерді босатуға, консервативті тұрғыдан гөрі атеистік тұрғыдан қарсы болған Маркстің досы және әріптесі Бруно Бауэрне жауап ретінде жазылған болатын. Бауэрдің ұстанымы дін христиандар мен еврейлердің де жолында тұрды. Егер Германия халқы эмансипацияға (бостандыққа) қол жеткізгісі келсе, онда мемлекет пен оның азаматтары діннен босатылуы тиіс. Дін жойылуы тиіс.

Маркс Бауэрмен келіспейтіндігін айтады, бірақ ол іс жүзінде Бауэрдің ескертпелерін әлдеқайда терең, теориялық мәнмәтінге қояды. Маркстің пікірінше, Бауер саяси азат ету мен адамзатты азат ету арасындағы маңызды айырмашылықты ескермейді. Бұл Маркстің «мемлекет» және «азаматтық қоғам» деп атаған ұғымдар арасындағы айырмашылықты мойындай алмау қабілетсіздігімен қатар жүреді.

Саяси азаттықты (не бостандық?) талап ету, бостандықты талап ету. Діни азаттық аясында азат болған мемлекеттің заңдарында діни шектеулер немесе артықшылықтар болмауы тиіс. Маркс үшін, Америка Құрама Штаттарын саяси азаттыққа қол жеткізген мемлекеттің мысалы ретінде есептеуге болады. Маркс қателесті: ол әлбетте, сол уақытта Құрама Штаттар әлі де құлдар қоғамы болған фактіні ескермеді, және әйелдер ерлермен қатар тең жағдайда дауыс беру құқығына ие болғанға дейін тағы да сексен жыл қажет болды. Бірақ Маркстың көзқарасы тіпті 1843 жылы американдық Штаттардың көпшілігінің заңдары адамдарды дініне қарамастан тең деп санаған. Алайда басқа деңгейде кемсітушілік орын алуы мүмкін. Мемлекеттің заңдары «соқыр діни сенімге» байланысты болса да (негізделсе де); адамдарда діни фанатизм де дінге деген жеккөрушілік те болуы тиіс. Осының салдарынан кейбір дін өкілдері жұмыспен қамту, білім беру және басқа да салаларда кемсітушілікке ұшырайды. Күнделікті өмірдің жеке саласында, экономикалық өмір саласында, азаматтық қоғамда кемсітушілік саяси азат елдерде де орын алуы мүмкін. Сондықтан Маркс, «мемлекет осы шектеулерден адамдарды азат етпей ақ, өзін өзі азат етуі мүмкін» Саяси азат ету адамзатты азат ету дегенді білдірмейді.

Бұл Маркстің либерализмді сынауына негіз жасайды. Либерализм теңдік, бостандық қауіпсіздік және меншік құқықтарын қамтамасыз ететін режимді, яғни саяси бостандықты (эмансипация) көздейді. Алайда мұндай құқықтарға ие болу адамның азат болуына (эмансипациясына) сәйкес келмейді; либералдық



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Либерализм мәселелері

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

құқықтар іс жүзінде бұл үшін кедергі болып табылады. Себебі либералды құқықтар бұл бөлінудің эгоистік құқықтары: бұл құқықтар Маркстің ойынша, әрбір адамды басқа адамдарды өзінің еркіндігіне шектеу ретінде қарастыруға итермелейді. Маркс ойы бойынша, шынайы азат болған қоғам-бұл жеке тұлғалар өздерін тең қауымдастық мүшелері ретінде қабылдап, әрекет ететін қоғам. Либерализм бұны мемлекет деңгейінде «тең» азаматтардың жалған қоғамын құра отырып, қайталайды, осындай қоғам азаматтың қоғамдағы тең емес адамдар арасындағы эгоистік бәсекелестік жасырылып, адам «басқа адамдармен құралдар ретінде араласып, өзін басқа күштердің ойыншығына айналдырып, қорлайды» («Еврей мәселесі», 53). Азаматтарға берілген бұл құқықтар азаматтық қоғамның өзіміздікі мен антагонизмін күшейтеді.

Маркс үшін саяси бостандық (эмансипация) - либерализм - бұл алдыңғы иерархиялық, кемсітушілік мемлекетпен салыстырғанда үлкен қадам. Дегенмен, ол оның саяси бостандық (эмансипация) азаматтық қоғамға дейін таралатын коммунистік қоғам болып табылатын идеалды жүйесінен әлі де алыс. (Бірақ бұл оның идеалынан алыс - бұл эмансипация азаматтық қоғамға дейін тарайтын коммунистік қоғам). Маркс бұл өзгеріс тек революциялық әрекетпен ғана жүзеге асырылуы мүмкін деп санайды. Керісінше, Либерализм Маркске бос, таяз доктрина болып көрінеді.

## Коммунитарлық және либерализм

Маркстің көзқарасы дұрыс па? Қазір тек бірнеше аудармашылар (түсіндірмешілер) Маркстің өзінің адамзаттық эмансипацияның мәні мен оған қалай қол жеткізу керектігін жеткілікті түрде түсіндірді деп сеніммен айта алады. Алайда, оның көзқарастырының негізін, өздерін коммунистер емес, коммунитарлықтар деп атаған либерализмнің бірқатар қазіргі таңдағы сыншыларының пікірлері құрады. Коммунитарлықтар Маркстің либерализмнің атомизмі және жеке даралығына қатысты қарсылығын бөліседі. Алайда, Маркстен бір ерекшелігі олар оның шешімін болашақтағы елестетілген (қиялдағы) белгілі бір қоғамнан емес, қазіргі қоғамның мәдениеті мен дәстүрлерінен көреді.

Либерализм, коммунитаристтерің айтуынша, өздерінің шағын қорғалған саласында өздерінің жеке жолы деп есептейтін өз игілігін көздеген оқшауланған индивидтерден тұратын адамдарды білдіреді. Либералды жеке тұлғалар өздерін қоғамдарының әдет-ғұрыптары, мәдениеті, дәстүрлері және тағы басқа шарттарымен тығыз байланыстырмайды. Бұған жауап ретінде коммунитаристер «біздер толықтау әлеуметтік тіршілік иелереміз, ал біздің бірегейлігіміз бен өзімізді өзіміз түсінуіміз өзіміз өмір сүріп отырған қауымдастығымызбен байланысты» деп тұжырымдайды. Егер біздің нақты, жергілікті, әлеуметтік ортамызда міндеттеріміз бен адалдықтарымыз жоқ болса, онда біз басқа адамдар болар едік. Миллдің өзі бұл көзқарасты Утилитаризмде сөз (іс) жүзінде қолдап, былай деп тұжырымдайды:

Әлеуметтік күй (жағдай) адам үшін бір мезгілде табиғи, қажетті сондай-ақ үйреншікті болып табылады, бұл кейбір ерекше жағдайларды есепке алмағанда немесе ерікті абстракцияны күшейтпеген жағдайда адам ешқашан өзін дене мүшесі ретінен басқа ешнәрсе ретінде елестетпейді; және бұл байланыс адамзат жабайы тәуелсіздік күйінен ары алыстаған сайын тек күшейе түседі.

Осылайша, қоғамның жай-күйі үшін қажетті кез келген шарт, адамның өзі туған және өмірінің тағдыры болып табылатын заттардың жай-күйі туралы әрбір адамның түсінігінің ажырамас бөлігіне айналады. (Утилитаризм, 207)

Дегенмен, коммунитаристер Милльді өз сөздерінің мағынасын түсінбеді деп айыптайды.

Милльдің пікірінше, еркіндік бізге дәстүрлер мен конформизмнің тығыз байланысты үзуге мүмкіндік береді. Бірақ, коммунитаристің айтуынша, бұл адам табиғаты туралы жалған түсінік қана емес, бұл «байланыстарды» үзіп тастау мүмкін, сондай-ақ оның өте қауіпті салдары бар. Өзіміздің қайымдастығымыздың маңыздылығын жоққа шығара отырып, біз жеке бастың оқшаулану және қоғамға іріткі салатын жолға шығамыз.

Коммунитаристер, либерализмның адам табиғаты мен әлеуметтік қатынастар туралы түсініктеріне жалған баға береді, сонымен бірге адамдардың саяси тұрғыдан неге қол жеткізе алады деген пікірлеріне зиян келтіріп, адастырады. Оның орнына біз қоғамды байланыстырып тұратын дәстүрлі моральдың маңыздылығын мойындауымыз керек. Сонымен қатар, біз ешкімнің де қоғамдық моральді бұзуға құқығы бар деп ойлауына жол берілмейтіндігін мойындауымыз тиіс. Әрине, біз дәстүрлі мораль статикалық және өзгермейді деп қарастырмаймыз, оның не екенін және қандай болуы тиіс жөнінде даулар болуы мүмкін. Алайда, моральдық реформа әдет-ғұрып пен дәстүрлер аясында ғана жүзеге асырылады.

Коммунитаристерге ықтимал жауап ретінде, олардың жеке тұлғаның еркіндігіне орын қалдырмайтын қоғамның аса репрессивті түрін ұсынып отыр деп айтуға болады. Алайда, коммунитаристер сонымен бірге,





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Либерализм мәселелері

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

либералдардың шынайы еркіндіктің табиғаты жөнінде қателесетінін айтады. Көптеген либералдар, біз қарастырған Исайия Берлиннің еркіндікке берген «негативті» анықтамасын қабылдайды: сіз өзіңіздің қалай өмір сүру керектігі жөнінде таңдау жасай алатын деңгейге дейін еркінсіз. Алайда, коммунитаристердің пікірінше, бұл өреске және жалған көзқарас. Сіз адамдарды жалғыз қалдыра отырып, оларды еркін қыла алмайсыз (босатпайсыз). Керісінше, адамдарды қалай өмір сүруге қатысты дұрыс таңдау жасай алатындай жағдайға келтіру қажет, яғни, ақылды адамның жасайтын таңдаулары.

## Теріс (негативті) және позитивті еркіндік

Теріс (негативті) және позитивті еркіндік арасындағы айырмашылық кейде бір нәрседен «еркіндік» пен бір нәрсе істеуге «еркіндік» арасындағы айырмашылықтар тұрғысынан көрінеді. Осы тұрғыдан, негативті еркіндік дегеніміз бұл шектеуден еркіндік болса, позитивті еркіндік дегеніміз ол әрекет ету еркіндігі болады.

Алайда, бұл айырмашылықты түсіндірудің ең тиімді тәсілі емес, себебі, Еркіндік әрқашан «үш орынның қатынасы» болып табылады, бұл еркіндік адамды байланыстырады (бір орын), шектеу немесе шектеу жиынтығы (екі орын) және әрекет немесе мақсат (үш орын). Мысалы, мен бүгін кешке шығуға еріктімін деп айталық, мен бүгін кешке шығу әрекетін орындау үшін шектеулерден бос деп айтуға (басқа міндеттемелер немесе жоспарлар сияқты) болады. Екінші жағынан, егер мен үйде қаламын деп уәде берген болсам, бұл менің сыртқа шығуыма қатысты еркіндігімді шектейді.

Оң және теріс еркіндік арасындағы айырмашылықты түсінудің ең жақсы жолы бізді қайтадан Руссоға қайтарады. Біз қарастырған (негативті) теріс еркіндік, шын мәнінде, өз қалауыма сәйкес әрекет ету еркіндігі болып табылады. Алайда, біздің қарастырған Руссоның ойынша, өз қалау-тілектеріне еру адамды әрқашан еркін ете бермейді. Бұл оғаш естілуі мүмкін, дегенмен біреуді өзінің қалауларының «құлы» деп атау ақылға қонымсыз болып көрінбейді. Мысалы, біз нашақор немесе кино жұлдызын құлай сүю туралы айта аламыз. Еркін болу үшін, нашақор немесе құлай сүйген адам әлдеқайда ақылға қонымды тілектерді қалыптастырып және соларға сай әрекет ете білуі тиіс. Олар өзін-өзі бақылауға немесе өзін-өзі басқаруға қол жеткізуге тиіс. Бұл әрекет ете білу еркіндікті оң мағынадағы қолдануын білдіреді.

Коммунитарист «позитивті» еркіндіктің дәл осы баламасын қолдауы мүмкін. Осы көзқарастың бір нұсқасы бойынша, мақсатты әлеуметтендіру сіздің нақты мүдделеріңізді және оң (позитивті) еркіндікке қол жеткізу мүмкіндігін мойындаудың алғышарты болып табылады. Алайда, ешкімнің өзінің қоғамын бұзатын және өзінің бірегейлігіне нұсқан келтіретін затқа қызығушылық танытпайды. Бұл дегеніміз, егер сіз дәстүрлі моральдың маңызды бөліктеріне нұсқау келтіретін әрекеттермен араласпасаңыз, сіздің позитивті еркіндігіңіз еш шектелмейді.

Милль және коммунитарист бір бірінің еркіндік туралы доктриналарына күмәнмен қарайтын болады. Егер Милльдің негативті (теріс) еркіндігі оқшаулық пен жатсынуға алып келсе, коммунитаристің позитивті анықтамасы еркіндік үшін репрессияға алып келеді. Бірақ Милль мен коммунитар арасындағы дау шын мәнінде келесіге сайып келеді: қандай қоғам бақыттырақ болады - еркіндік принципін ұстанатын қоғам ба әлде қоғамның әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін ұстанатын қоғам ба? Шын мәнінде, біз көзқарастардың тіпті түйісетін жерлерін де кездестіре аламыз: мүмкін, екіуінің арасындағы келісім барлығына да жақсы болар еді.

Сайып келгенде, Вулфтің ойынша, Милльдің (негативті) еркіндікке баға беруінде және либералды қоғамдар либералды емес қоғамдарға қарағанда әлдеқайда бақытты болады деп пайымдауы орынды болды. Біз өзіміз көргендей, Милльдің еркіндікті қорғауы негізінен адамзат баласы моральды прогресс жасауға қабілетті деген идеяға сүйенді. Милль үшін бұл - сенім символы болды. Егер ол қателессе, онда утилитарлық тұрғыдан коммунитарлық қоғам либералды қоғамға қарағанда артықшылыққа ие болар еді: егер өмірлік эксперименттерден сабақ алынбаса, онда олардың пайдасынан гөрі зияны көп болуы мүмкін. Еркіндіктің қорғаушылары адамдардың моральдық прогресске қабілетті екендігін көрсете білуі тиіс, немесе олар өз көзқарастарын қорғау үшін басқа балама негіздеме табуы тиіс.